

2011 жылға "Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасы бойынша Жастар тәжірибесін ұйымдастыру туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 27 шілдедегі № 183 Қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінің 2011 жылғы 05 тамызда № 11-5-122 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149-ІІ «Халықты жұмыспен қамту туралы», 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңдарына сәйкес және жұмыссыз жастарды – жоғары оқу орындарының, колледждер мен кәсіптік лицейлер (әрі қарай – оқу орындары) түлектерін жұмысқа орналастыру, олардың практикалық тәжірибесін, білімін, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерінің аясын кеңейту мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. 2011 жылға «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша Жастар тәжірибесін ұйымдастыратын кәсіпорындар мен ұйымдар (әрі қарай – жұмыс беруші) тізбесі, тәжірибенің өту мерзімі, айлық еңбек ақы мөлшері және қаржыландыру көзі қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. «Маңғыстау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - уәкілетті орган) оқу орындарын бітірген жұмыссыз жастарды іріктеуді жүргізсін және іріктеу кезінде төмендегідей өлшемдер ескерілсін:

- 1) уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген жастар;
- 2) 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар;
- 3) оқу орнын бітіргені туралы құжат (диплом) міндетті болуы;

3. Жұмыс жағдайы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс беруші мен жастар тәжірибесін өтіп жатқан жұмыссыздар арасында жасалған еңбек ш а р т ы м е н а н ы қ т а л а д ы .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Қылаңовқа ж ү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Боқанов

К Е Л І С І Л Д І :

Каимова Сәнімгүл Нақыпқызы
«Маңғыстау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»

27 шілде 2011 жыл

Шабикова Рима Нерражимқызы
«Маңғыстау аудандық экономика және
қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы

27 шілде 2011 жыл

Маңғыстау ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 27 шілдедегі
№ 183 қаулысына
қосымша

**2011 жылға «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша Жастар
тәжірибесін ұйымдастыратын кәсіпорындар мен ұйымдар тізбесі**

№	Кәсіпорындар мен ұйымдар тізбесі	Жұмыс- сыздар саны (адам)	Бір адамға төленетін еңбек ақы мөлшері (теңге)	Тәжіри-бенің (өту мерзімі)	Қаржыландыру көзі
1	Жеке кәсіпкер «Тасмуханбетова Мадина»	1	26 000	6 ай	Республикалық бюджет
2	Жеке кәсіпкер «Нуржанова Ажаргул Султанбековна»	1	26 000	6 ай	Республикалық бюджет
3	Жеке кәсіпкер «Демеубергенов Рахмет»	1	26 000	6 ай	Республикалық бюджет
4	Жеке кәсіпкер «Абдулаева Туймеш Базарқызы»	1	26 000	6 ай	Республикалық бюджет
5	«Мұхаммед и К ^о » жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1	26 000	6 ай	Республикалық бюджет
6	«Темиртас-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2	26 000	6 ай	Республикалық бюджет
7	«Халық банкі» акционерлік қоғамы	1	26 000	6 ай	Республикалық бюджет
8	«Ұштаған» өндірістік кооперативі	1	26 000	6 ай	Республикалық бюджет
9	«Жыңғылды» өндірістік кооперативі	1	26 000	6 ай	Республикалық бюджет
	Барлығы:	10			